

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2011 ж. 14. 06 жарғыға
БСН 100540016778
2010 ж. 18. 05
алғашқы тіркелген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
2011 ж. 14. 06 жарғыға
2017 ж. 20. 11
ЕНПЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР
БСН 100540016778

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
ТАРАЗ ҚАЛАЛЫҚ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАҒА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
2018 ж. 12. 07 жарғыға
БСН 100540016778
2010 ж. 18. 05
алғашқы тіркелген

**«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация» Ұлттық
компаниясы» акционерлік қоғамының**

ЖАРҒЫСЫ

УСТАВ

**Акционерного общества «Национальная компания
«Социально- предпринимательская корпорация «Тараз»**

**«Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация» Ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамының
Жарғысы**

1 Бап. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік актілерге (ары қарай – Заңнама) сәйкес жасалған және «Тараз» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының, ары қарай «Қоғам», құқықтық құрылым негізімен қызметін анықтайды.

1.2. «Тараз» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Жамбыл облысы бойынша аймақтық кәсіпкерлікті қолдау институты болып табылады.

1.3. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілде:

толық атауы: «Тараз» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

қысқартылған атауы – «Тараз» ӘКК» ҰК» АҚ;

орыс тілінде:

толық атауы: Акционерное общество «Национальная компания «Социально-предпринимательская корпорация «Тараз»»;

қысқартылған атауы: АО «НК «СПК «Тараз»»;

ағылшын тілінде:

толық атауы: Joint-Stock Company «National Company «Social-Entrepreneurial Business Corporation «Taraz»»;

қысқартылған атауы: JSC «NC «SEBC «Taraz»».

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан орны: пошталық индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қолбасшы Қойгелді көшесі, 173 үй.

1.5. Қоғамның қызмет мерзімі - шектелмеген.

2 Бап. Қоғамның заңды статусы

2.1. Қоғам Жамбыл облысы әкімдігі қаржы басқармасының 11.05.2010 ж. №46 бұйрығы және «Таразэнергоцентр» АҚ директорлар кеңесінің 11.05.2010 жылғы шешіміне сәйкес құрылды.

2.2. Қоғам заңды тұлға болып табылады, ұйымдық – құқықтық формасы акционерлік қоғам, өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамаларының, осы жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің ережелері және Қоғамның ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.

2.3. Қоғам акционер (қатысушы) ретінде өз құқығын іске асыру мақсатында Заңнама, Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттары, еншіліс және тәуелді ұйымдар

Жарғылары талаптарына сәйкес еншіліс және тәуелді ұйымдармен арақатынасын жүзеге асырады.

2.4. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

2.5. Қоғам, Жалғыз акционерінің мүлігінен оқшау, мүлікке ие болады, және оның міндеттемелеріне жауап бермейді.

2.6. Қоғамның дербес балансы, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі болады.

2.7. Қоғамның банкіде есеп шоты болады, өз атынан мүліктік немесе өзіндік мүліктік емес құқықтармен міндеттерді алады және жүзеге асырады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, заңнамаларға қарама-қайшы келмейтін тағыда басқа іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

2.8. Қоғамда, белгіленген тәртіппен тіркелетін тауарлық белгісі мен символикасы, сондай-ақ мемлекеттік, орыс және ағылшын тіліндегі, немесе қажеттілік болса басқа да тілдерде мөрлері, фирмалық бланкілері және басқа дербестендіру құралдары болады.

2.9. Қоғам мемлекеттік қайта тіркелген сәттен бастап заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

3 Бап. Қоғамның құрылтай құжаттары

3.1. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

3.2. Барлық мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіптер бойынша Қоғамның Жарғысымен таныса алады.

4 Бап. Қоғам қызметінің мақсаттары

4.1. Заңнамаларға сәйкес Қоғам қызметінің мақсаты:

1) мемлекеттік және жеке ресурстарды консолидациялау жолымен Жамбыл облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу, инвестициялық қызметті жүзеге асыру және оған меншікті еншілес және тәуелді ұйымдардың (бұдан әрі Компаниялар) акциялар пакетін (еншілес бөлігін) басқару болып табылады.

2) таза табысты алу;

3) инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;

4) инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

5) әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

6) мемлекеттік меншік активтерінің бөлігін, жерлерді, жер қойнауын Қоғамның меншігіне беру бойынша мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу;

7) Қоғамның жарияланған акцияларын төлеуге мемлекет берген ұйымдарды оңалту және қайта құрылымдау жөніндегі жобаларды әзірлеу және іске асыру немесе олардың негізінде жаңа өндірістерді құру;

8) аймақтық, ұлттық және халықаралық масштабтағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асырылуын қамтамасыз ету;

9) шағын және орта бизнесті дамытуға арналған институционалдық жағдайлар жасау;

10) мемлекеттік – жеке меншік серіктестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістер құру болып табылады;

11) Компаниялардың ұзақ мерзімді экономикалық құндылықтарын ең жоғары шекке жеткізу және олардың бәсекеге қабілеттігін арттыру;

12) Компанияларды корпоративті басқарудың тәжірибесін енгізу;

13) отандық тауар өндірушілерді және отандық жұмыс және қызмет көрсетушілерді қолдау;

5 Бап. Қоғам қызметтерінің мәні

5.1. Қоғам қызметтің келесі мәндерін жүзеге асырады:

- 1) Холдингтік компаниялар қызметі;
- 2) Коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру;
- 3) Экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу және жәрдемдесу.

5.2. Қандай да болмасын қызметтердің түрін жүзеге асыру үшін, сондай-ақ жоғары да аталған, құзырлы орган немесе тіркеу және/немесе арнайы шешу (лицензия немесе сертификат) қажет болған жағдайларда Қоғам ондай қызмет түрін Заңнамаларда көрсетілген тәртіппен тиісті шешу (лицензия немесе сертификат) алған кейін жүзеге асыра алады.

6 Бап. Қоғамның құрылтайшысы және жалғыз акционері

6.1. Қоғамның құрылтайшысы және жалғыз акционері болып «Жамбыл облысы әкімдігінің қаржы басқармасы» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады. Куәлігі 19.09.2011 жылғы № 9053-1919-ММ, мекен-жайы және заңды мекені: 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 78. Реквизиттері: РНН 211500220816, ИИК KZ 33070102KSN2101000, БИК KKMFKZ2A.

7 Бап. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

7.1. Қоғам Заңнамаларда көзделген құқықтар және міндеттерді пайдалана алады.

7.2. Жалғыз акционер Қоғам міндеттемелеріне жауапкершілік алмайды және Заңнамаларда қарастырылған кейбір жағдайлардан басқа, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде, Қоғам қызметімен байланысты, шығын тәуекелін алады.

7.3. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде филиалдар мен өкілдіктер аша алады, өзінің мүлкі есебінен оларға негізгі және айналымдағы қор үлесін бере алады және олардың қызметінің тәртібін белгілейді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі Қоғамның балансында есепте тұрады.

7.4. Филиалдар мен өкілдіктерді, Қоғам басқарма төрағасы тағайындаған тұлға басқарады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғамның басқарма төрағасынан алған сенімхаттардың негізінде әрекет етеді.

7.5. Қоғам қорғау құжаттарын, технологияларды, «НОУ – ХАУ» және басқа ақпараттар объектілерін игеруге және пайдалануға, сатып алуға құқығы бар.

7.6. Қоғам бағалы қағаздар шығара алады, шарты және шығарылымы, орналастыру реті, үндеуі және өтеуі заңмен қарастырылған.

7.7. Қоғам қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес теңгемен немесе шетелдік валютамен қазақстандық және шетелдің заңды тұлғаларынан заем алып және несиелермен қолдануға құқығы бар.

7.8. Қоғам бос қаржыларды Қазақстан Республикасы екінші сатыдағы банктердің депозиттық шотына салуға және ол салымнан табыс алуға құқығы бар.

7.9. Қоғам ішкі құқықтық нормативті-техникалық құжаттарды өндейді және бекітеді.

7.10. Қоғам, Жарғыда қойылған талаптармен, Жалғыз акционердің негізгі құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ:

- 1) акциямен қолдану және иелену құқығын;
- 2) Қоғамға оның іс-әрекеті туралы жазбаша түрде сұрау қойюға және Жарғыда көрсетілген уақытында негізді жауап алуға құқығын;
- 3) Қоғамды басқаруға қатысуға және Директорлар кеңесін сайлауға құқығын;
- 4) Қоғамның пайда еншісінен (дивиденд) алу құқығын;
- 5) таратылғанда Қоғамның активінен еншісін алуға құқылы.

7.11. Қоғаммен Жалғыз акционер ортасындағы қарым қатынас және мәмілелер заңның шеңберінде кәдімгі коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

7.12. Директорлар кеңесімен Басқарма Қоғам қызметін жоспарлы өзгерісіне дәйектеме беруге міндетті және Жалғыз акционер құқығын қорғау мен сақтау үшін нақты саясат ұсынулары тиіс.

7.13. Қоғам ішкі құжаттарда көрсетілген, тізім бойынша қосатын мәліметтермен толық жылдық есеп веб-сайтта жариялайды.

7.14. Қоғам Заңнама мен Жарғыда көрсетілген өзге құқықтарды иемденеді және де басқа міндеттемелерді алып жүреді.

8 Бап. Қоғам акционерінің құқықтары мен міндеттері

8.1. Акционер құқылы:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) осы Жарғымен және акционердің шешімімен анықталған тәртіпте дивидендтер алуға;

3) осы Жарғы белгілеген тәртіпте, Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, сонымен қатар, Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе номиналды ұстаушыдан, бағалы қағаздарға оның құқығын растайтын көшірмелер алуға;

5) Қоғамның директорлар Кеңесін сайлауға және бекітуге;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

7) Қоғамның қызметі туралы оған жазбаша сұрау салып өтініш беруге және сұраудың Қоғамға келіп түскен күнінен бастап отыз күн ішінде уәжді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүлікке;

9) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

10) өз есебінен аудиторлық ұйымнаң Қоғам аудитын жүргізуді талап етуге.

Қоғам акционері Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

8.2. Акционер міндеттері:

1) Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

3) Қоғамның акция ұстаушыларының тізімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы тіркеуші мен номиналды ұстаушыға он күн ішінде хабарлауға;

4) өзіне тиеселі акцияларда сату жөнінде мәміле жасайтыны туралы Қоғамға хабарлауға.

8.3. Тіркеуші және Қоғам, осы Жарғының 8.2 тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талапты Акционер орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды.

8.4. Қоғам Жалғыз акционерге жазбаша түрде қандай да болмасын Қоғамның қызметі туралы мәлімет беруі тиіс, соның ішінде Қоғам Жалғыз акционері мүдделеріне тиістіні, сондай-ақ сол мәліметті қаржылық есептілік Депозитария сайтына және/немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайтына орналастыру жолымен хабарлау арқылы.

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жарияланатын хабарлама және басқада мәлімет шығару үшін Қоғам қолданатын баспа шығарылымы заңнамаларына сай анықталады. Қоғамның қызметі туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында басылады, қаржылық есептілік Депозитария сайтына және/немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайтына орналастырылады.

8.5. Жалғыз акционер мүддесіне тиісті болып келесі мәлімет саналады:

1) Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі шығарған шешімдер;

2) Қоғам шығарған акциялар және басқа құнды қағаздар, қоғамның бағалы қағаздарының орналастырулары қорытындылар туралы есептеу нәтижелері қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау өкілетті органда бекіту туралы, қоғамның бағалы қағаздарының өтеулері қорытындылар туралы есептеу нәтижелері, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау өкілетті органда Қоғамның құнды қағаздарын күшін жою туралы;

3) ірі мәмілелер және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы;

4) Қоғамның өзіндік капиталының жиырма бес және одан да көп пайыздан құрайтын заем алу;

5) қандай да болмасын қызметтердің түрін жүзеге асыру үшін Қоғам лицензия алса, немесе бұрын Қоғам қызметтердің түріне алған лицензиялар тоқтату және тоқтатылу;

6) Қоғамның заңды тұлға құруына катысуы;

7) Қоғамның мүлігіне тыйым салу;

8) баланстық құны он және одан да көп пайызды Қоғамның өзіндік капиталы мөлшерінің құрайтын қоғамның дүниесі жойылған төтенші сипатты жағдайлар туындағаны туралы.

9) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларың әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;

11) Қоғамды ықтиярсыз қайта ұйымдастыру туралы шешім;

12) Қоғам Жарғысына сәйкес Жалғыз акционер мүддесіне тиісті басқа да мәліметтер.

8.6. Қоғам осы Жарғыдағы 8.5 тармақтың 1)-6), 10), 11) тармақшасында көрсетілген Қоғамның қызметі туралы Жалғыз акционер мүддесіне тиісті мәліметті, сол жағдай пайда болғаннан бастап 3 (үш) күн ішінде береді, ал 8.5 тармақтың 7)-9) тармақшасында көрсетілген жағдайларда кідірмей береді.

8.7. Қоғам Жалғыз акционердің жазбаша түрдегі сұранысы бойынша сұраған мәліметтерді сұраныс алған күннен бастап 10 (он) календарлық күн ішінде, қатысты құжаттардың көшпесімен қосып беруі міндетті.

8.8. Қызметтік, коммерциялық немесе басқа заңмен қорғалатын құпия болып саналатын мәліметтерді қорғау мақсатында Қоғамның ішкі құжаттарымен мұндай мәліметтерді беруге шектеу енгізілуі мүмкін.

8.9. Қоғам міндетті түрде қызметтік немесе коммерциялық құпия құрайтын мәлімет ие болатын Қоғамның қызметкерлерінің тізімінің жүргізуін қамтамасыз етеді.

9 Бап. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

9.1. Қоғам қарапайым акцияларды шығаруға құқылы. Қарапайым акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылған шешімдерді қабылдау құқығын береді.

9.2. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

9.3. Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде акцияларын орналастыру туралы шешімді қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

9.4. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін Бірінғай тіркеуші жүргізеді.

9.5. Қоғам сатып алған жеке меншікті акциялар туралы мәліметтер бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіміне міндетті түрде енгізуге жатады.

9.6. Акция ұстаушылар тізілімінен көшірме, қол қойылған және толық ақы төленген акцияларға Жалғыз акционердің құқысы бар екендігін растайтын, құжат болып табылады.

9.7. Қоғам өзі орналастырған акцияларды тек Заңмен белгілеген жағдайларда ғана кепілге қабылдайды.

9.8. Қоғам орналастырған бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша түрде Жалғыз акционерге хабарлайды.

9.9. Облигацияны шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі заңдармен және облигация шығарылымы проспектісімен белгіленеді. Қоғам

Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген тәртіппен облигацияны шығару тәртібін өзгертуге құқығы бар.

9.10. Қоғам облигация шығару құқылы:

- 1) Қоғам мүлкі кепілімен қамтамасыз етілгенде;
- 2) үшінші тұлғалардың кепілдігімен қамтамасыз етілгенде;
- 3) Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген тәртіппен қамтамасыз етілмегенде;
- 4) айырбасталатын.

10 Бап. Қоғамның қаржыландырылуы мен кірісі

10.1. Қоғамның шаруашылық қызметі нәтижесінде алынатын таза кіріс (салықтар және басқа да бюджеттік төлемдер төленгеннен кейін) Жалғыз акционер шешімімен анықтаған тәртіпте пайдаланылады.

10.2. Жылдық қорытынды бойынша қарапайым акциялар дивидендер төлемі туралы шешімді Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

Жалғыз акционер қарапайым акцияларға дивиденд төлемеуге шешім қабылдауға құқылы, ондай шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

10.3. Қоғам осы Жарғыда көрсетілген нақтылы есептерді жүзеге асыру бағытында бағдарламаларды қаржыландырудың схемаларын өндеп жүзеге асырады.

10.4. Дивидендтерді есептеп шығаруына рұқсат етілмейді:

- 1) өзіндік капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе қоғамның өзіндік капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
- 2) егер қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса.

11 Бап. Қоғамның есебі, есеп беруі және аудиты

11.1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу мен қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен белгіленеді.

Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің жылдық жалпы жиналысы өтетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.

Басқарма жыл сайын Жалғыз акционердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған өткен жылғы жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді.

11.2. Қоғам, қаржы жыл қорытындылары бойынша, тексеру және растау, сондай-ақ ағымдағы жұмыстың жағдайын білу үшін жылдық қаржылық есеп берудің аудитын жүргізуге міндетті және Заңнамаларда көрсетілген тәртіппен қаржы жыл аяқталғаннан кейін 5 ай ішінде, Жалғыз акционердің бекітуіне беру қажет. Қоғамға аудит директорлар кеңесінің, атқарушы органның бастамасы бойынша қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғамның Басқармасы қоғамға аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

11.3. Қоғам шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында, қаржылық есептілік Депозитария сайтында және/немесе Қоғамның корпоративтік веб-сайтында жыл сайын жариялауға міндетті. Қоғам басқа да қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

11.4. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада жария етіледі.

12 Бап. Қоғамның органдары

12.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – директорлар Кеңесі;
- 3) атқару органы – Басқарма, Қоғамның Басқарма төрағасымен басқарылатын;
- 4) Қоғам Заңнамаға сәйкес басқа да органдар құру мүмкін.

13 Бап. Жалғыз акционер

13.1. Қоғамда акционерлер жалпы жиналыстар өткізілмейді. Заңда және Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде рәсімдейді.

13.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

13.3. Жалпы жиналыс құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін сұрақтарды Қоғамның Басқармасы, жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі, директорлар кеңесі, тарату комиссиясы дайындайды.

13.4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

13.5. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) директорлар кеңесінің;
- 2) акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

13.6. Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционерге қарауына шығарылатын сұрақтар бойынша шығындарды Қоғам көтереді.

13.7. Жалғыз акционерге берілетін мәліметпен құжаттар Жалғыз акционер қарайтын сұрақтарына қарай жүйеленуі керек және негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі мәліметті берілуі тиісті.

13.8. Жалғыз акционерге Қоғам жоспарлары, табыстары және қызметтің мәселелері қосымша мәліметтер берілуі мүмкін, сондай-ақ аналитикалық зерттеулер және Қоғам қызметі туралы басқа мекемелердің материалдары.

13.9. Жылдық жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Жалғыз акционер шешім қабылдау үшін тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар:

- 1) қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;

- 3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылындағы қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
- 4) Қоғамның жылдық есебі, оның ішінде Директорлар кеңесінің жылдық есебі;
- 5) өзге де құжаттар.

14 Бап. Жалғыз акционердің айрықша құзыреті

14.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
- 6) Қоғамның Директорлар кеңесінің Ережесін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 7) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның төрағасын, мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 9) жылдық қаржылық есептікті және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебін бекіту;
- 10) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 11) Қоғамның дивиденттік саясатын бекіту;
- 12) Заңда көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 13) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 15) Әкімшілік аппараттың орналастыруы, іссапар шығындарының нормалары және жеңіл автокөліктердің қызметтік керектік нормативтерін анықтауы;
- 16) Қоғам қызметкерлерінің бағытталатын іссапар шығындарды өтеудің ретімен тәртібін анықтау;
- 17) Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғам есебінен төленетін өкілдік шығындар лимиттерінің және басқа қызметкерлердің шығын лимиттерін анықтауы;
- 18) Қоғамның лауазымды адамының оның Қоғамға келтірген залалдарың Қоғамға өтеуі туралы сотқа жүгінуге шешім қабылдау;
- 19) Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің қызметіне баға беру механизмін анықтау;
- 20) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 21) нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мүлікті компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын

(сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді компанияның директорлар кеңесінің ұсынуы бойынша шешім қабылдау;

22) Заңнамада және Қоғам Жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдау.

14.2. Жалғыз акционер шешім қабылдайтын айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

14.3. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

15 Бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

Жалпа ережелері

15.1. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

15.2. Директорлар кеңесі қызметі ақылдық, тиімділік, белсенділік, адалдық, шындық, жауапкершілік және дәлдік қағидалар негізінде құрылады.

15.3. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі сұрақтар жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Қоғамның стратегиялық мақсаттарын, даму басымды бағыттарын айқындау және басты бағдарды белгілеу, қойылған мақсаттарды іске асыру үшін адамдық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету;

3) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау.

5) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7) атқарушы органның (Басқарма) сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және тәртіптік жазалар қолдану;

8) Қоғамның Басқармасы Ережесін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

9) Қоғамның ұйымдық құрылымын, штаттық кестесін бекіту, қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерімен еңбекақы шарттарын және Төрағамен Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

10) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

11) Ішкі аудит қызметі қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау, тәртіптік жазалар қолдану;

12) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту, Қоғамның ішкі аудит қызметінің жылдық және кварталдық есебін қарау және ол бойынша шешім қабылдау;

13) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, тәртіптік жазалар қолдану;

14) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды, оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) жоспарлау алдындағы жылдың 10 қарашасына дейін Қоғамның бюджетін (1 жылдық бизнес-план) қарау, Қоғамның бюджетін бекіту;

16) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

18) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

19) Жалғыз акционерге Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар жасау;

20) Қоғамның есептік саясатын, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

21) Директорлар кеңесінің, Қоғамның Басқармасының кейбір мүшелерінің, Қоғамның ішкі қызметінің, Қоғамның қызметін бағалау жүргізетін және оларды бағалау жүйесін бекіту;

22) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

23) Қоғамның таза табысын қолдану тәртібін айқындау;

24) Қоғамның тәуекелдік басқару бойынша ішкі құжаттарын бекіту, Қоғамның тәуекелдігін минимизациялауға арналған жоспарымен бағдарламасын іске асыру бойынша сипаттамасы бар тәуекелдермен және Қоғамның тәуекелдерінің талдау бар тәуекелді басқару құрылымдық бөлімшенің жетекшісінің есептеу нәтижелерін қарау;

25) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу туралы шешімдерін қабылдау;

26) Қоғам Басқармасы Директорлар кеңесіне Қоғамның қызметі, сонымен бірге қаржылық қызметі, туралы мәлімет беру мерзімін және оның тәртібін қояды;

27) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

28) Басқарма қызметін бақылауды жүзеге асыру;

29) Заңнамалармен осы Жарғының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметін ақпараттық түсіндіру және Қоғам туралы ақпаратты айқындауды қамтамасыз ету;

30) Қоғамның ішкі тексеру жүйесінің тиімділігі туралы талдау беруді қамтамасыз етеді және Жалғыз акционерге істелген жұмыстар туралы есеп береді;

31) нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы жалпы мөлшерінің оннан жиырма беске дейінгі пайызын құрайтын мүлікті компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді қабылдау;

32) Жалғыз акционерге Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру өткендігі туралы мәліметтер беруін қамтамасыз ету;

33) Бірінші басшыдан басқа, Басқарма мүшелеріне басқа мекемелерде жұмыс істеуге және/немесе лауазымда отыруға келісім беру туралы шешім қабылдау;

34) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізлетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала бекіту және оны Жалғыз акционердің қарауына салу;

35) Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын Заңмен және Жарғымен қарастырылған өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне берілген мәселелерді Қоғамның Басқармасына шешуіне беруге болмайды.

15.4. Жалғыз акционерге, ол қойған мерзім және тәртіппен берілетін, оның ішінде Қоғамның жылдық есебіне кіретін, Директорлар кеңесінің жылдық есебінде келесі мәліметтер болуы керек, бірақ шектелмей:

1) Директорлар кеңесі құрамы, оның ішінде төрағасымен және тәуелсіз мүшелері, және Басқарма құрамы;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарының саны;

3) Директорлар кеңесі мен Басқарма жұмысы туралы есеп, оның ішінде Директорлар кеңесі немесе Басқарма қабылдаған шешімдер туралы толық мәлімет, сонымен қатар Басқарма төрағасына өкілеттік етілген сұрақтар болуы керек;

4) Қоғамның позициясын және оның даму болашағын бағалау.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сайлауы

15.5. Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері сайлауы ресми, қатал және ашық процедурамен сәйкес Заңнамамен қарастырылған ретте іске асады.

15.6. Директорлар кеңесі мүшелігіне келесі тұлға сайланылмайды:

1) заңмен белгіленген ретте алып тасталынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы болса;

2) жоғарғы білімі болмауы;

3) мәжбүрлеп тарату немесе акцияны мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған бір жылдан аспаған, немесе банкроттеп танылған және консервацияға ұшыраған басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші жетекшісі (басқарма төрағасы), жетекшінің орынбасары, бас есепшісі болғандар. Бұл талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияны мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім немесе консервацияға ұшыраған басқа заңды тұлғаның немесе банкроттеп таны туралы шешім шыққаннан 5 жылға дейін қолданылады.

Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттар және Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционер және Қоғам мүддесінде Директорлар кеңесінің жұмысын нәтижелік ұйымдастыру үшін және өз міндетін атқару үшін еңбек тәжірибесіне, білімділікке, біліктілікке, позитивтік табыстармен іскерлік және басқа да салада мінсіз беделге иегер болуы керек.

Директорлар кеңесінің мүшесі 5 мекемеден астам директорлар кеңесіне (қадағалау кеңесіне) мүше бола алмайды.

15.7. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттік мерзімі

15.8. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді және ол үш жылдан аспауы керек, кейін қайта сайлану құқығымен. Директорлар кеңесінің құрамына алты жылдан астам сайланылатын болса, Директорлар кеңесінің құрамының сапалы жаңартуға қажеттілікті есепке ала отырып ерекше қаралуға жатады.

15.9. Бір тұлға Директорлар кеңесіне қатар тоғыз жыл астам сайланбайды. Айрықша жағдайда тоғыз жылдан астам сайлануға жол беріледі, бірақ ондай тұлға Директорлар кеңесіне жылдан сайлануы тиісті.

Директорлар кеңесінің төрағасы

15.10. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің төрағасын кез келген уақытта қайта сайлауға құқығы бар.

15.11. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесі отырысын шақырады, ода төрағалық етеді, өз жауапкершілігі аясында барлық саладағы аспектісі бойынша нәтижелік қызметті қамтамасыз етеді, оның отырыстарын жүргізеді, осы Жарғы қойылған реттегі мәжіліс хаттамасын жүргізуді ұйымдастырады.

2) Директорлар кеңесінің мүшелері дәл және айқын мәліметтер алуын, сондай-ақ жанадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшесіне қызметке тұрудың бағдарламасы берілуін қамтамасыз етеді;

3) Қоғамның қызметі нәтижесіне және Қоғамның (жедел бизнес-жоспары) дамыту жоспарың, Қоғамның (1 жылғы бизнес-жоспар) бюджетінің орындалуына тікелей байланысты Қоғамның Басқарма төрағасының жауапкершілігі белгілінген Басқарма төрағасымен Қоғам атынан еңбек келісім-шартын жасасады;

4) Жалғыз акционерге Директорлар кеңесінің мүшелерінің және Қоғамның Басқармасының сыйлықақы өлшемі және құрамы туралы мәлімет береді;

5) өткен күнтізбелік жылдағы Директорлар кеңесінің қызметі туралы Жалғыз акционер қойыған мерзімде есеп береді, Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің қызметіне тиімділік үлес қосуына, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелері мен Қоғамның Басқармасы арасындағы конструктивтік қарым-қатынастарды қамтамасыз етеді;

6) Жалғыз акционермен тиімді байланысты қамтамасыз етеді, соның ішінде Қоғамның даму стратегиясын, сонымен бірге Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің көзқарасының жеткізеді;

7) Жалғыз акционер сұранысына жауап беруді қамтамасыз етеді;

8) Директорлар кеңесінің отырысының күн түзбесін дайындайды;

9) Заңнамада және осы Жарғыда көрсетілген басқа да сұрақтар бойынша шешім қабылдайды.

15.12. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

15.13. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;

3) Жалғыз акционердің;

4) Қоғамның ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысы

15.14. Директорлар кеңесінің отырыстары реті мен мерзімі, Жалғыз акционер шешімімен бекітілген Қоғамның ішкі құжатымен қарастырылады. Директорлар кеңесінің отырыстары бір жылда алтыдан кем болмауы тиісті.

15.15. Директорлар кеңесі қарастырғын тәртібімен қатысу, сырттай немесе аралас дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі шешімдері қабылданады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу тәртібі, Жалғыз акционер бекіткен Директорлар кеңесінің Ережесінде қарастырылған.

15.16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды;

15.17. Басқарма Директорлар кеңесі өз функцияларың толық орындау үшін қажетті корлармен қамтамасыз етуге жауапты болады.

15.18. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адам даусы шешуші дауыс болады.

15.19. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделуге және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшының қолы қойылуға тиіс.

Шешім рәсімделген күннен бастап 20 (жиырма) күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдер қоса тіркеледі.

15.20. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен корпоративтік хатшы қол қояды. Хаттамаға міндетті түрде кіретін мәліметтер тізбесі Заңнамада қарастырылған.

15.21. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады.

15.22. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып, Қоғамның мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

16 Бап. Қоғам Басқармасы

Жалпы ережелер

16.1. Басқарма Қоғамның алқалы органы болып табылады, ол Заңмен, басқа Қазақстан Республикасының заң актілерінде және Қоғам Жарғысында Жалғыз акционер және Директорлар кеңесіне құзыретіне жатпайтын, кез келген мәселелер туралы шешім қабылдауға құқылы және Жалғыз акционермен Директорлар кеңесіне оның алдына қойылған міндеттер бойынша жауапты.

16.2. Басқарма Жалғыз акционермен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

16.3. Басқарма, Директорлар кеңесінің мүшелеріне, өзіне берілген функцияларын атқару үшін, одан сұраныс алғаннан кейін 10 күн ішінде, Қоғам қызметі туралы мәліметтер, оның ішінде конфиденциалдық сипат беретін, сондай-ақ қажетті түсініктемелер және түсіндірулер уақтылы беруді қамтамасыз етеді.

16.4. Жалғыз акционердің өкілдері және Жалғыз өкілі болып табылмайтын Қоғамның қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшелері Қоғамның қызметін басқаруды Басқарма отырысына қатысу арқылы жүзеге асырады.

16.5. Басқарма мүшелерінің құқықтарымен міндеттері Заңнамамен, осы Жарғымен, сондай-ақ Қоғам әр қайсысымен жасасқан еңбек келісім шартымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылады.

16.6. Басқарма мүшелерімен және Ішкі аудит қызметімен еңбек келісім шартты Қоғам атынан Басқарма төрағасы жасасады.

Қоғам Басқармасы құзыреті

16.7. Қоғам Басқармасы құзыреті:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционерімен Директорлар Кеңесінің шешімдерің жүзеге асырады;
- 2) Қоғамның басымды бағыттағы қызметі (даму) стратегиялық мақсаттырын (даму стратегиясын); Даму жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспар); Қоғамның бюджетін Директорлар Кеңесіне тапсыруы бойынша жасайды және оның мақұлдауына ұсынады;
- 3) Қоғамның бес жылдық Даму жоспарын дайындап және іске асуын жүзеге асырады;
- 4) филиалдармен өкілдіктердің ұйымдық құрылымдарын, штаттық кестесін, сондай-ақ Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам штатымен (жалпы санымен) қосқанда олардың жұмысшылар штатын (жалпы саның) бекітеді;
- 5) Директорлар кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Қоғамның қызметің ұйымдастыру мақсатында қолданылатын құжаттарды бекітеді;
- 6) Қоғамның жұмыс тәртібін анықтайды;
- 7) Қоғамның филиалдарымен, өкілдіктері және басқа да бөлімшелерімен жұмыс саясатын (тиімділік, еңбекақы төлеу қоры, кірістер мен шығыстар сметасы және басқада) өндейді және бекітеді;
- 8) Қоғам өткізетін операциялардың барлық түрлерінің үстіне бақылау жүргізеді;
- 9) статистикалық есепті қалыптастырады;
- 10) Қоғамның қаржы жылдық есеп беруін тексеретін аудиторлық ұйымның ұсыныстарың іске асыруың және орындауың бақылауды іске асырады;
- 11) Қоғамның қызметі туралы мәліметтерді ашуды және ақпараттық жариялауды жүзеге асырады;
- 12) Қоғам Басқарма төрағасының ұсынысы бойынша Басқарма хатшысын сайлайды. Басқарма хатшысының статусы, функциясы және міндеті Қоғам Басқармасы бекіткен ішкі құжаттармен айқындалады;
- 13) Директорлар кеңесіне Қоғамның жылдық қаржы есебін ұсынады;
- 14) нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің оннан аз пайызын құрайтын мүлікті компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді қабылдау;
- 15) Қоғам филиалдарының директоры, директор орынбасарларын, өкілдіктің директорын қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, Қоғам филиалдарының кейбір қызметкерлерін қабылдауға және жұмыстан босатуға келісім береді;
- 16) Қоғамның қызметкерлерінің сыйлық ақы беру туралы шешім қабылдау (Басқарма мүшелерін, Ішкі аудит қызметін және Корпоративтік хатшыны қоспағанда);
- 17) Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын, Қоғамның қызметі бойынша басқа да сұрақтарға шешімдер қабылдау.

16.8. Тәуекелдер бойынша жедел шешім қабылдау мақсаттарында Басқарма жанында тәуекелдерді басқару Комитеті жасалынуы мүмкін. Қоғамның басқарма жанындағы тәуекелдер комитетінің құрастыру және жұмысының реттеуі, сонымен бірге оның сандық құрамы Қоғамның ішкі құжатымен бекітіледі.

Қоғам Басқармасын сайлау

16.9. Директорлар кеңесіне Басқарма құрамы сайлау үшін кандидаттарды Басқарма төрағасы ұсынады.

16.10. Басқарма мүшелігіне Жалғыз акционер және Қоғам мүддесінде Басқарма жұмысың нәтижелік ұйымдастыру үшін және өз міндетің атқару үшін еңбек тәжіребесіне, білімділікке, біліктілікке, позитивтік табыстармен іскерлік және басқа да салада мінсіз беделге иегер тұлға сайланылады.

16.11. Басқарма мүшелігіне келесі тұлға сайланылмайды:

1) заңмен белгіленген ретте алып тасталынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы болса;

2) жоғарғы білімі болмауы;

3) мінсіз іскерлік беделі болмауы;

4) мәжбүрлеп тарату немесе акцияны мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған бір жылдан аспаған, немесе банкроттеп танылған және консервацияға ұшыраған басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші жетекшісі (басқарма төрағасы), жетекшінің орынбасары, бас есепшісі болғандар. Бұл талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияны мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім немесе консервацияға ұшыраған басқа заңды тұлғаның немесе банкроттеп таны туралы шешім шыққаннан 5 жылға дейін қолданылады.

Басқарма төрағасы

16.12. Қоғамның Басқарма төрағасы Қоғамның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның қызметінің басқаруды жүзеге асырады.

16.13. Қоғамның Басқарма төрағасы лауазымына Заңнамада қарастырылған тәртіппен Директорлар кеңесі сайлайды.

16.14. Қоғам Басқарма төрағасы:

1) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) Қоғамның барлық қызметкерлерімен орындау үшін сөзсіз, Қоғамның ағымдағы қызметтеріне қатысты, соның ішінде Жалғыз акционер және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын бақылау сұрақтары бойынша бұйрықпен жарлықтар шығарады;

3) Қоғамның ішкі тәртібін реттейтін құжаттарды бекітеді;

4) Заңда, осы Жарғыда, сондай-ақ Қоғам Жалғыз акционері немесе Директорлар кеңесі шешімдерімен анықталған тәртіппен Қоғамның мүлігі және қаржысына иелек етеді;

5) Қоғам қызметкерлерін (Қазақстан Республикасы заңдық актілері және Қоғам Жарғысында белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

6) Қоғамның қызметкерлерінің кәсіби әзірлігі және қайта даярлау туралы сұрақтарын шешеді, Басқару мүшелерінің арасындағы міндет, сонымен бірге өкілеттіктердің саласы және жауапкершілікті үлестіреді;

7) Қоғам атынан өкілдікке сенімхат береді;

8) Қоғам атынан аудиторлық мекемемен жылдық тексеріс өткізуге мәміле жасасады;

9) Жалғыз акционерге:

- Даму жоспары (Жалғыз акционер қойған мерзімде және формада жедел бизнес-жоспары) іске асуы туралы есеп беру;

- Жалғыз акционер анықтаған мерзімде және формада Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі туралы, оның еншілес және тәуелді мекемелері бойынша есеп беру;

10) Қоғамның даму стратегиясының жобасын Қоғамның Директорлар кеңесінің қарастыруына шығаруды қамтамасыз етеді;

11) Осы Жарғыда, Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы шешімдерімен анықталған басқада құзіретті жүзеге асырады.

Басқарма отырысы

16.15. Қоғамның Басқарма отырыстары жүйелі негіздерде жүргізіледі. Қоғам Басқармасы отырысы шақырылуы және өтуі Қоғам Басқармасы Ережесінде анықталған.

16.16. Егер Басқарма отырысында мүшелерінің санынан жартысынан кем емес қатысса, Басқарма шешім қабылдауға құқықты.

16.17. Басқарма шешімдері Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған кезде Басқарма төрағасының даусы шешуші дауыс болады.

16.18. Басқарма қарауына сұрақтарды Басқарма төрағасы, Қоғам Басқармасы мүшелері шығаруға құқылы.

16.19. Басқарма мүшесінің талабы бойынша, тұрақты негізде Басқарма сайлаған Басқарма хатшысы, хатшының қол қойған және Басқарма мөрімен куәланған отырыс қағаздарының көшірмесін танысуға беруге міндетті.

17 Бап. Ішкі аудит қызметі

17.1. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауға, ішкі тексерісті бағалауға, тәуелдікті басқаруға, корпоративтік басқаруының құжаттары орындалуын және Қоғам қызметін жетілдіруге кеңес беруге Ішкі аудит Қызметінің құрылады. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесіне және Басқарма құрамына сайланбайды.

17.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесімен тағайындалады.

17.3. Директорлар кеңесі қойған тәртіппен Ішкі аудит қызметі:

1) Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз нақты мәліметті Директорлар кеңесіне ұсынады;

2) жүйелі және жалғаспалы тәсілдемені қолданып корпоративті басқару, ішкі бақылау және тәуекелді басқару үдерісін жетілдіруді қамтамасыз етеді және бағалау жүргізеді;

3) Ішкі аудит қызметі Ережесінде берілген құзыретіне сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

17.4. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

Қызмет реті және Ішкі аудит қызметтің қызметкерлерінің өкілеттігі, Директорлар кеңесімен бекіткен, Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережемен анықталады.

17.5. Директорлар кеңесі қойған ретте Ішкі аудит қызметі директорлар Кеңесіне қоғамның қызметі туралы нақты мәліметті ұсынады, сонымен бірге қажетті түсініктеме және түсіндірулер толық көлемде және дер кезінде беруді қамтамасыз етеді.

17.6. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен Қоғам еңбек қарым қатынасы Қазақстан Республикасы заңдарымен және осы Жарғымен реттеледі.

17.7. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің қызметінің тиімділігінің бағасы Директорлар кеңесі береді.

18 Бап. Қоғамның Корпоративті хатшысы

18.1. Жалғыз акционер құқығымен мүддесін қамтамасыз ету бағытында процедураларын Қоғамның органдарымен лауазымды қызметкерлері сақтауды, сонымен қатар Корпоративті басқару саласындағы Заңнамалардың жағдайлары және нормаларын, Жарғының жағдайлары және Қоғамның басқа ішкі құжаттарын орындалуын қадағалау Корпоративті хатшыға тапсырылады. Сонымен бірге Корпоративті хатшы Қоғам органдары арасындағы тиімді ақпарат алмасуға мүмкіндік туғызады және Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқарма мүшелері үшін басқару туралы барлық сұрақ бойынша кеңесшінің функциясын орындайды. Қоғамның Корпоративті хатшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілістерін әзірлейді және өткізуін қамтамасыз етеді, Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісіне материалдарды қалыптастыруды қамтамасыз ету, оларға қол жеткізуге қамтамасыз етуді бақылау жүргізеді.

18.2. Корпоративті хатшы Директорлар кеңесі мүшелері уақтылы толық және нақты мәліметтер алуын қамтамасыз етеді.

18.3. Директорлар кеңесінің немесе Басқарма мүшесі емес, Қоғамның корпоративті хатшысы Қоғамның жұмысшысы болады.

Корпоративті хатшы Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы Директорлар кеңесінің алдында есеп береді.

18.4. Корпоративті хатшының мәртебесі, қызметтік міндеті, өкілеті және қызметінің басқа сұрақтары, Директорлар кеңесімен бекітілген, Корпоративті хатшы туралы Ережеде анықталады.

19 Бап. Қоғамның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ашу

19.1. Қоғам аффилирленген тұлғаларының есебін, осы тұлғалар беретін мәліметтер, негізінде жүргізеді.

19.2. Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары, Жарғыны бекіткен күннен 15 (он бес) күннің ішінде, Қоғамға өз аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті, сонымен бірге аффилирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде табыс етеді.

Егер Жалғыз акционер және Қоғамның лауазымды тұлғалары аффилирленген тұлға деп берген, ондай болмай қалған жағдайда, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамды бес күн ішінде хабардар етеді.

20 Бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

20.1. Қоғамды қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, ажырату, қайта құру) және тарату заңнамаларға сәйкес жүзеге асады.

20.2. Егер Қоғам таратылатын болған жағдайда Директорлар кеңесі Басқармамен бірлесіп Жалғыз акционерге және басқа да мүдделі тұлғаларға Қоғамды тарату қажеттілігі туралы дәлелдеме беруге тиіс.

21 Бап. Қорытынды ережелер

21.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз деп табылса, бұл басқа ережелердің жарамдылығына әсерін тигізбейді.

21.2. Осы Жарғыға енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша рәсімделеді, уәкілетті адамдардың қолы қойылады және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына беріледі және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

21.3. Қоғам өз қызметінде, осы Жарғыдан ескерілмеген басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерің негізге алады.

Осы Жарғы мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалған. Осы Жарғының әр дивалары бірдей заң күшін алады.

«Жамбыл облыс әкімдігі
қаржы басқармасы» КММ
басшысы



Г.Т.Қайнарбеков

Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес
Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен
Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің
Қорғаныс Министрінің Жарлығымен
Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің
Қорғаныс Министрінің Жарлығымен

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігі

Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігінің
Қорғаныс Министрінің Жарлығымен



Нөмірленген, тігілген және мөр
басылғаны 37-дегілік
Бәрі пронумеровано, прошнуровано и
окреплено печатью на 37 листах



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ
ЖАРАЛЫҒЫМЕН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ
ЖАРАЛЫҒЫМЕН
37 ПАРАҒАТА
2014 ж. 09. 11